

**"Балалар ойынына және ойыншықтарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" атты санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 жылғы 3 желтоқсандағы N 838 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 6 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3320. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 шілдедегі № 577 Бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.07.30 № 577 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:** қ а р а ң ы з . Z 0 7 0 3 0 6

1. Қоса беріліп отырған "Балалар ойынына және ойыншықтарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" атты санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Байсеркин Б.С.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауға жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А. Белоногқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*М и н и с т р д і ң*

*міндетін атқарушы*

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрінің

**"Балаларға арналған ойындар мен ойыншықтарға  
қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы  
санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар (бұдан әрі - санитарлық ережелер) қызметі балалар ойындары мен ойыншықтарын шығарумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға арналған.

Бұл санитарлық ережелердің талаптары пиротехникалық ойыншықтарға, пистондарды ұрғыш капсулалар кіретін (балалар ойыншықтарына арналған пистондардан басқа) фейерверктер, шыршаны безендіретін, іштен жану қозғалтқышы бар ойыншықтарға, ересектерге арналған сувенирлік бұйымдарға, басқатырғыштарға, пневматикалық мылтықтарға және тапаншаларға, лақтыратын заттарға, катапульттерге, темірден жасалған ұшы бар лақтыруға арналған жебелерге, ертоқымы жерден 635 мм биіктікте болатын велосипедтерге, балаларға арналған бижутерияларға, тоқ көзінен қуат алатын ойыншықтарға таралмайды.

2. Осы санитарлық ережелердің талаптарын жеке және заңды тұлғаларға жүктеледі.

3. Осы санитарлық ережелерде мынандай терминдер мен анықтамалар қолданылды:

1) балаларға арналған ойындар мен ойыншықтар - табиғи және полимерлі материалдардан жасалған балалар тауарларының жиынтығы;

2) балл - ойыншықтар иісінің деңгейін көрсететін өлшем бірлігі;

3) бөліну қабілеттілігі - ойыншық дайындайтын шикізаттың құрамына кіретін химиялық заттардың ойыншық бетінен бөлінуі;

4) пайдаланудың модельденген жағдайлары - табиғи жағдайға жақын келетін, жасанды түрдегі микроклиматтық жағдайлар;

5) табиғи материалдар - балалар ойындары мен ойыншықтарын жасауға пайдаланатын өсімдіктерден, табиғаттан және жануарлардан өндірілетін материалдар;

6) сіңіру қабілеті - балаларға арналған кітаптардағы баспа бояғыш заттарының көпке шыдау көрсеткіші;

7) синтетикалық (полимерлік) материалдар - таскөмір, мұнай және табиғи газдарды өңдеу арқылы синтетикалық жоғарғы молекулярлық қосындылардан алынатын материалдар.

## **2. Материалдарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

4. Балалар ойнауға арналған ойындар мен ойыншықтарды дайындау үшін қолданылатын шикізаттар мен материалдар және дайын өнімдер "Ойыншықтар. Қауіпсіздігіне және бақылау әдісіне қойылатын жалпы талаптар" атты қолданыстағы стандартқа сай болуы керек. Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген материалдар осы санитарлық ережелердің 1 қосымшасында көрсетілген. Ойыншықтарды дайындау үшін қолдануға болмайтын шикізаттар мен материалдардың тізімі, осы санитарлық ережелерге берілген 2 қосымшада көрсетілген.

5. Ойыншықтарды дайындау үшін балаларға арналған ойыншықтарды жасап шығаратын (екінші рет қайта өңделетін) кәсіпорындардың өндірістік қалдықтарын, материалдарын қолдануға рұқсат етіледі. Басқа да балаларға арналған ойыншықтарды шығаратын арнайы емес кәсіпорындардан түсетін өндірістік қалдықтарды қолдану үшін санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды болуы керек.

6. Егер ойыншықтарды балалардың өздері жинастыратын болса, онда қолданыстағы стандарттың талаптары ойыншықтың әрбір бөлігіне және бүтіндей жинақталған ойыншыққа таралады.

7. Ойыншықтарды дайындаған кезде қайта өңдеуге жататын бұйымдарды, ал 3 жасқа дейінгі бүлдіршіндерге арналған ойыншықтарды дайындаған кезде - табиғи үлбірді және былғарыны қолдануға болмайды.

8. Балаларға үрлеп ойнауға арналған үрмелі әуенді ойыншықтар және шылдырлауықтар ылғал өткізбейтін, сондай-ақ, жуып зарарсыздандыруға болатын материалдардан жасалынуы керек.

## **3. Ойыншықтарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

9. Барлық өндірілетін, басқа жақтан әкелінетін және сатылатын балаларға арналған ойындар мен ойыншықтар Қазақстан Республикасында санитарлық-эпидемиологиялық тұрақтылық саласының өкілетті органымен бекітілген тәртіп бойынша міндетті түрде санитарлық-эпидемиологиялық, оның ішінде токсикологиялық сараптамадан өткізілуі керек.

10. Ойыншықтардың барлық түрінің иіс деңгейі 2 баллдан аспауы керек.

11. Ойыншықтардың көрнекі әшекейленген немесе қорғайтын жабындылары сілекейдің, тердің және ылғалға төзімді болуы керек.

12. Ойыншықтар шығаратын дыбыстың деңгейі төменде көрсетілген деңгейден жоғары болмауы керек:

1) үй-жайлардың ішінде ойнауға арналған ойыншықтардың шығаратын дыбыс деңгейі 65 децибелден (бұдан әрі - дБА), (дыбысы реттелген музыкалды ойыншықтардан, үрмелі және дабылды дауыс шығаратын аспаптардан басқасы);

2) ашық ауада ойнауға арналған ойыншықтың дыбыс деңгейі - 75 дБа-дан жоғары болмауы керек;

3) ойын сәті (бір рет ату) кезінде шулы дыбыс беретін ойыншықтың дыбыс деңгейі - 95 дБа-дан жоғары болмауы керек.

13. Үстел үстіне қойып ойнауға арналған баспалық ойындарының мәтіні фонмен контрастылы болып, яғни айқын түсті бояу түрімен жазылуы керек. Ондағы көрсетілген сандар мен әріптер қара түске боялып немесе қара бедерлі болуы керек.

Фонның оңтайлы түстері болып: көгілдір, жасыл, сарғыш-жасыл, сары, қызыл сары түрлері саналады. Үстел үстіне қойып ойнауға арналған баспалық ойындарындағы қағаздар мен картондарға жағылатын бояу қолға, жиһазға жағылмайтындай болуы керек.

14. Үстел үстіне қойып ойнайтын баспалық мәтіндегі ойындарындағы әріптерінің биіктігі - 10 жасқа дейінгі балалар үшін 2,3 миллиметрден (бұдан әрі - мм), 10 және одан жоғары жастағы балалар үшін 1,75 мм-ден кем болмауы керек.

15. 3 жасқа дейінгі бүлдіршіндерге арналған ойыншықтар мен олардың алынып-салынатын бөлшектері 31,7 мм (+0,1) өлшемін анықтайтын цилиндрге толық кірмеуі керек. Ойыншықтардың алынбайтын бөлшектері қатты бекітіліп ұштары үшкір болмауы керек.

16. Балалардың аузымен жанасатын ойыншықтарды (ысқырғыш, сырнай және де басқа өнімдер) кезектесе 10 паскаль (бұдан әрі - кПа) қысыммен сорып, үрлегенде ауыз жағында саңылауда бөлінетін заттар болмауы керек.

17. Бесікке, бүлдіршіндердің төсегіне немесе арбаға іліп қоюға арналған ойыншықтардың бауының ұзындығы 300 мм-ден, ал ілмегінің периметрінің ұзындығы - 350 мм-ден аспауы керек. Ойыншықтардың созылмалы бауларын 25 ньютон (бұдан әрі - Н) күшімен тартқан жағдайда оның ұзындығы 750 мм-ден аспай, тартылған баудың ұзындығы жай бау ұзындығының 40%-нан аспауы керек.

18. Өздерімен бірге тартып ойнауға арналған ойыншықтардың бауларында саусақ сусымайтын түйіндер немесе сусымалы түйіндерден тұратын ілмектер

болмауы керек. 3 жасқа дейінгі бүлдіршіндерге арналған ойыншықтардың бауларының диаметрі 2 мм-ден кем болмай, ойыншықтың ұстайтын жері шар тәрізді домалақ болуы керек.

19. Балалар сыйып кететін және есігі бар ойыншықтар (ойыншық палаткалар, вигвам және т.б.) сырты кем дегенде 50Н күш арқылы ашылып, есігі жабық болған жағдайда желдеткішпен қамтамасыз етілуі керек. Түймелерді, сыдырмаларды немесе басқадай бір түймелеулерді қолдануға болмайды.

20. Шылдырлауықтар соққыға төзімді болып, ал сұйықтықпен толтырылған ойыншықтар - тығыз жабылуы керек.

21. Ойыншықтардың қорғағыш-көрнекі әшекейлі жабындылары сілекейге, терге төзімді болып, ылғал сіңірмеулері керек. Шылдырлауықтардың бетін бояп және жазу жазуға болмайды.

22. Балалардың аузымен жанасатын полимерлі және басқа да синтетикалық материалдардан; қағаз бен картоннан; матадан; ағаш пен былғары түс сіңірілген; металдардан жасалған ойыншықтардан; резеңкелерден, сондай-ақ, құрастыратын материалдардан (пластилин, балшық, гельдерден), бояулардан, лактан, жылтырауық жасауға арналған ұнтақтардан, қарындаштағы графиттен, қаламдағы сиялардан бөлінетін (денсаулыққа) зиянды заттар, тағам өнімдері және олардың орталарымен тығыз байланыста болатын материалдар мен бұйымдарға арналған бөлінудің шектелген мөлшері осы санитарлық ереженің 3 қосымшасында көрсетілген деңгейден аспауы керек.

23. Балаларға арналған ойындар мен ойыншықтарды шығаратын кәсіпорын өнімдерінің балалар денсаулығына ешқандай қауіп тудырмайтыны жайлы кепіл беріп, өнімдердің санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы және сапалық сертификаты болуы керек.

24. Ойыншықтар жасап шығаратын өндірістік үй-жайлардың құрылымы және санитарлық жағдайы қолданыстағы СанЕжН-ге сай болуы керек.

25. Ойыншықтардың тұтыну орамасында немесе жапсырмасында қандай жастағы балаларға арналғаны төмендегідей үлгіде көрсетілуі керек:

- 1) бір жасқа дейінгілерге (жас сәбилер);
- 2) бір жастан 3 жасқа дейінгілерге (бөбектер);
- 3) 3 жастан 6 жасқа дейінгілерге (мектеп жасына дейінгі балалар);
- 4) 6 жастан 10 жасқа дейінгілерге (бастауыш сыныптағылар);
- 5) 10 жастан 14 жасқа дейінгілерге (орта сынып жасындағылар).

26. Ойыншықтарды жасап шығару және сату ісімен тікелей байланысты қызметкерлер жұмысқа алынар алдында және белгіленген тәртіп бойынша кезеңді медициналық тексерістен өтулері керек.

27. Сатушы және сатып алушыға балалардың аузымен жанасатын ойыншықтарды көрсету кезінде, ойыншықты ауыздарына салуға болмайды. Сатушыда міндетті түрде көрсететін үлгі болуы керек.

28. Балаларға арналған ойыншықтардың қауіпсіздігін қадағалау - осы санитарлық ережелердің 4 -қосымшасында көрсетілгендей, осындай тексерулерді орындауға құқықты деген лицензиясы бар санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтары немесе зертханалар арқылы жүргізілуі керек.

29. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы (тексеруді) жүргізу үшін: өнімге деген нормативтік-техникалық құжаттама, ойыншықтардың үлгісі (кем дегенде 3 данасы) және қолданылатын материалдардың рецептурасы болуы керек. Керек болған жағдайда жасап шығаратын кәсіпорын технологиялық үдерістің сипаттамасын көрсетуі керек. Құжаттардың үлгісі мен көшірмесі қайтарып берілмейді. Ойыншықтарды тексеру тәртібі 1 қосымшада, ойыншықтардағы ауыр металдардың рұқсат етілген нормалары осы санитарлық ережелердің 2 қосымшасында көрсетілген.

30. Осы санитарлық ережелерге сай келмейтін ойыншықтар анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдар жиынтығы бойынша, оларды жасап шығаруға және сатуға қатаң түрде тыйым салынады (жұмыстары тоқтатылады). P080201

"Балаларға арналған ойындар мен ойыншықтарға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер

мен нормаларға 1-қосымша

**Ойыншықтарды жасап шығаруға рұқсат етілген және тыйым салынған шикізаттар мен материалдардың тізбесі**

Шикізаттар және материалдардың атаулары	НҚ
1. ПСК-111, ПСМ-115, ПСМ-118, ПСМ-151 белгісіндегі полистирол	ТЖ 6-05-1871-79
2. ПСС-500 белгісіндегі полистирол	ТЖ 6-05-190-1-81
3. Төменгі қысымды: 272-74, 276-73, 277-73, 72 белгісіндегі полиэтилен (тағам өнімдерінің барлық түріне қолданылуға арналған)	ТЖ 6-05-1870-84
4. 11104-030, 11306-075 белгісіндегі совилен (винилацетаты бар полимерлес пилен)	ТЖ 6-05-1636-78
5. УП-457 белгісіндегі полистирол	Югославия

6. УП-"Норсолор" полистиролы	Франция
7. "POLYREX" белгісіндегі полистирол	"СН/МЕ JNDLISTR JAZ CO"
8. Полистирол	"DOW", Швейцария
9. Полистирол	"Доку", Югославия
10. "Scopyrol PS-C5 16" белгісіндегі полистирол	Германия
11. "Литвин" фирмасының акраваксы	Франция
12. АБС-МО602Л пластикі	ТЖ 6-05-2022-86
13. "Gedex" белгісіндегі полистирол	Франция
14. Винилистен жасалған былғары	ТЖ 17-21-475-83
15. Сокқыға төзімді УПС-0508 Л полистиролы	ОСТ 6-05-406-80
16. УПС-225 Д полистиролы	ТЖ 6-05-1901-81
17. 368 Р белгісіндегі полимерлес Луран	"БАСФ", Германия
18. 790, 867 Е белгісіндегі полимерлес Тайлир	"Дау Кемикл", АҚШ
19. 747С (қызыл түсті) типті АБС пластикі, "магнум" 2020 белгісіндегі сұр, ақ, піл сүйегі, "стайлак"-қызыл сары 6575561	"DOW", Швейцария
20. 2%-ды СЗЛ пенокон белгісіндегі көпіршік тудыратын полистирол	ТЖ 6-05-22 1-240-25
21. ПВХ - "Сковинил" PVC-684 белгісіндегі пластизоль	Германия (VEB комбинаты, Хими-верке. Вита)
22. "Синтерал" белгісіндегі АБС пластикі	Италия
23. "EDJSTJR" полистиролы	Е.Е.С Montepozimeri gruppo montedi SOLL
24. "Содетег" фирмасының технология бойынша 071, 201 белгісіндегі поливилхлорид (балалардың консерві тағамдарының шыны банкісіне арналған қақпақтар)	Франция
25. Дакрил 2М	МЕМСТ 6-01-38-81
26. 15203-020 белгісіндегі ВД полиэтилені	МЕМСТ 16337-77
27. 277-73 белгісіндегі НД полиэтилені	ТЖ 6-05-1570-84
28. 270, 271, 272, 273, 275, 276, 277, 279, 222, 224 белгісіндегі полимерлеу бойынша газофазды әдісінің төменгі ДВП полиэтилені (тағам өнеркәсібінде колдануға рұқсат етілген полиолефин	ТЖ 6-05-1870-84

құрамындағы тұрақтандырылған)	антиоксиданттармен	
29. УПС-080 1 белгісіндегі полистирол		МЕМСТ 6-05-4406-20
30. Соққыға төзімді: SB-E, SB-NE белгілеріндегі және жалпылай қолдануға арналған PS-S белгісіндегі полистирол		"Stumer Oy" Жапония
31. 2710 белгісіндегі соққыға төзімді полистирол		"БАСФ", Германия
32. "Мослен" белгісіндегі полистирол		Чехословакия
33. Мөлдір және ақ түсті "Мостен", қызыл түсті "Мостен" белгісіндегі полипропилен		Чехословакия
34. Жасыл, қызыл және сары түсті "Моппен" белгісіндегі полипропилен		Италия
35. "Кастилен M240" белгісіндегі полипропилен		Италия
36. Төмен қысымды "Пекема" белгісіндегі полиэтилен		Финляндия
37. ДМД8-5 140 белгісіндегі төмен қысымды полиэтилен		
38. "Хостилен" PP UP 1080 белгісіндегі полипропилен		"ХехсТ" Германия
39. Поливинилхлоридті үлдір		"Канека Велд-жим". Бельгия
40. Поливинилхлоридті үлдір		"Джон Вэддинг тон", Англия
41. EP-X белгісіндегі пенополистирол		"Сумер Oy" Финляндия
42. 466-Z белгісіндегі соққыға төзімді полистирол		"БАСФ". Германия
43. Қапталған алюминий фольга (фольга-полиэтилен)		"Лоист Паст", Англия: "Рибери сын", Швейцария
44. "Комбитерм-РА", "Комбитерм НХХ" және "Валопласт" үлдірі		"Вальсроде" Германия
45. 281-73, 281-75, 187-75, 291-73 (ТУ 6-05-05-285-86) НД полиэтилені белгісіндегі		ТЖ 6-05-1899-90
46. Д-23кс белгісіндегі ПВХ пластиканы		
47. Металлопластқа арналған уытсыз поливинилхлоридті үлдір (металдан жасалған ойыншықтардың бетін қаптауға арналған)		ТЖ 6-01-998-75
48. Соққыға төзімді УПМ 0503Л, УПМ 0508. 0503, УПС 0803 полистирол		МЕМСТ 6-05-406-80
49. Көлемді ойыншықтарға арналған (соққыға төзімді стирол, метилметакрилат		ТЖ 6-05-626-76



және полибутадиенді көк сағыз полимерлес) МСП пластик	
50. С белгісіндегі стирол, акрилонитры және метилметакрилат полимерлес	МЕМСТ 12271-76
51. АБС-М пластигі (ересек балаларға арналған ойыншықтарды жасап шығару кезінде)	ТЖ 6-05-1587-74
52. 17703-010 белгісіндегі, 10803-020, 10313-11513-070, 15712.20 белгілеріндегі ВД полиэтилен	МЕМСТ 16337.77
53. 20908-040 белгісіндегі (01,04,17,21 рецептураларындағы) 20508-007 белгісіндегі (01,04,17,21)	МЕМСТ 16338-77
54. Ф-1 Фторлоны	ТЖ 6-05-559-74
55. N 107 10706-075 белгісіндегі винилацетаты бар полимерлес этилен	ТЖ 6-05-1636-73
56. "Styroa" белгісіндегі полистирол	Швейцария
57. "Астролон" белгісіндегі винипроза	Германия
58. "Gedex" белгісіндегі полистирол	Франция
59. "у" белгісіндегі (7Д. этилені негізінде жасалған МЕМСТ-16337-77), 10803-020, 15303-003 белгілеріндегі ыстықты түсіретін полиэтиленді үлдір	ТЖ 6-05-051-79-74
60. ВУ, У-1, У-2 белгісіндегі поливинилхлоридті "Повиден" қаптамалы үлдір	ТЖ 6-01-1036-76
61. П-73ЭМ. П-73ЭМ1, ЭП-73 рецептурасындағы "Поливинилхлорид" үлдір	ТЖ 6-01-1009-75
62. Полиэтиленполиамид үлдірі (ПЭ-ПА)	ТЖ 6-05-051-121-77
63. Бір жақ беті (нитролакпен) боялған целофан фольга-полиэтилен (Ц-Ф-ПЭ)	ТЖ 6-17-051-289-80
64. "Дау Кемикал" фирмасының 455 белгісіндегі полистирол	Югославия
65. "Фина" фирмасының 82 Е полистиролы	Финляндия
66. Рецептураның пигменттері мен бояғыш заттардың жоғарғы қанықпалары: 001, 002, 108, 138, 129, 307, 308, 410, 407, 474, 504, 505, 506, 508, 510, 512, 524, 557, 601, 701, 705, 706, 709, 714, 715, 716, 801, 803, 805, 806, 899, 900, 902, П-202, П-404, П-502, П-503, П-507, П-704, П-804	ТЖ 6-05-1980-84
67. Қоңыр эмаль (ЭСП-210 фритта негізінде жасалған)	МЕМСТ 24405-80
68. RR-2 белісіндегі финдік пигментті титанның қос тотығы	

69. Кем дегенде 5% болатын СКП-118, 119, 805, 710, СКП-105, 501, 503, СКП-716, 717 белгілеріндегі (массадағы НД және ВД полиэтиленін бояу үшін) пигменттердің жоғарғы қанықпалары	ТЖ 6-05-223-86, ТЖ 6-05-149-81, ТЖ 6-05-05-292-87
70. 501 рецептурасындағы пигменттердің жоғарғы қанықпасы (көгілдір фталоцианинді 0,7%-ды пигмент, титанның қос тотығы - 38,9%, ПСС-500 белгісіндегі полистирол - 24%, ГЭК (алкан-120) - 36,4% (полистиролды бояуға арналған)	
71. Ақ СКП 001, қызыл СКП 102 және 100, СКП 802 сұр, СКП кара (полипропилендерді бояуға арналған) пигменттердің жоғарғы қанықпасы	
72. Жоғарғы қанықпалы пигменттер құрамындағы (полистиролды пластиктерді бояуға арналған) шайыршықтың глицеринді эфиі (алкал-120)	
73. Пигменттердің жоғары қанықпалары: СКП 001. СКП 103. СКП 802. СКП 901. СКП 102. СКП 503. СКП 204.	ТЖ 6-05-149-81
74. Пигменттердің жоғары қанықпалары - молекуласы төмен полиэтиленді балауыз бен пигменттердің қоспасы 1:1 еселігінде рұқсат етілетін	
75. МЧ-52 лак	ТЖ 6-10-767-80
76. Титанның қос тотығы	МЕМСТ 98-8-80
77. Темір тотықты қызыл пигмент	ТЖ 6-10-602-77
78. Сары крон	МЕМСТ 478-80
79. СК лағыл лагы	МЕМСТ 7436-74
80. НЦ 218, НЦ 224 нитролагы	МЕМСТ 4776-76
81. Нитроэмальдар	МЕМСТ 5406-73
82. 646 еріткіші	МЕМСТ 18168-72
83. Май ерітетін сары Ж, май ерітетін қызыл Ж, Ии 218 нитролагы бояғыштардың негізіндегі бояулар	ТЖ 6-14-ДХ-75, ТЖ 6-14-716-76, МЕМСТ 4976-76
84. "Винилин" белгісіндегі бояулар	"Садолин" Финляндия
85. ТПХВ бояулары	ТЖ 29-02-888-79
86. Поливинилхлоридті ПВХ-716 ұнтақты бояуы	ТЖ 6-10-1706
87. МЛ 242 эмалі	МЕМСТ 10982-75
88. ФЛ-559 (3-30-59) лагы	МЕМСТ 4147-80

89. ЭП-527Х лагы	ТЖ 6-10-12.16.82.
90. Қалбырдағы ЭП-547 лагы	ТЖ 6-10-1395-73
91. ЭП 547 М лагы	ТЖ 6-10-12-38-78
92. ЭП-547/ЭП-51 95/ФЛ/-559; ЭП-547/ЭП-51 47 ал/ ФЛ-559; ЭП-51-47 ал/ФЛ-559	ТЖ 6-10-1395-73. ТЖ 6-10-11-351-6-80. МЕМСТ 14147-80, ТЖ 6-10-1498-75
93. ЭП-5147 ал эмалі; ЭП-547. ЭП-547М; ФЛ-559; ЭП-527Х лактары (эмаль мен лактардың үйлесімін бір немесе екі қабат)	ТЖ 6-10-1498-75, ТЖ 6-10-1395-73, ТЖ 6-10-12-38-78 МЕМСТ 14147-80, ТЖ 6-10-11-335-6-79
94. ЭСП-117 (СТ-17) силикатты эмаль	МЕМСТ 24405-80
95. Шыны тәрізді БС-20 сары және жасыл эмалі	
96. 25,54, Э-1; 2ОН, 92Т, 105Т, 301-3, 25-32, 25-32Л белгісіндегі шыны эмальдары	ТЖ 26-01-149-78 ТЖ 26-01-461-72
97. ЭСГ-21 (СГ-21Л), ЭСП 117 (СТ-17), СГ-21 белгідегі эмальдар	МЕМСТ 2440580
98. Т-174 және У-21 белгісіндегі эмальдар	
99. В-ЭП-2100 эмалі	ТЖ 6-10-1502-79
100. ЖБ қызыл лагы (ДКМ-0,5 мг/л)	МЕМСТ 8573-77
101. 2020-33 сериясының темірден жасалған ойыншықтарды бояуға арналған бояуы	ТУ 29-02-872-79
102. 12000-12000-331, 12000-531. 12000-01 (қаңылтырдың бетіне басу үшін) сериясындағы офсетті бояулар	ТЖ 29.02.851-78
103. Май ерітетін индулин (пластмассаны бояуға арналған) (ДКМ-1,2 мг/л)	МЕМСТ 4770-77
104. Дибутилсебацинат, бутилстеарат, диоктилфталат, мырыштың стеараты, стеарин қышқылы, кальцидің стеараты	МЕМСТ 8728-77 МЕМСТ 9419-78 ТЖ 6-14-722-76
105. Жоғары дәрежеде тазаланған минералды майлар (ВММ) және нафталды компрессорлы (НКМ-40)	
106. Увитекс ОБ ағартқышы (0,1 % аспайтын мөлшерде пластамассалардың композицияларына енгізіледі)	
107. Синтаמיד-5 (пластмассаларға антистатикалық қоспа ретінде)	ТЖ 6-02-640-76
108. ФАУ-13 стабилизаторы (АБС- пластиктерін және полиэтиленді өндіргенде қолданылады)	ТЖ6-14-22-129-75
109. Стабилизатор 4-метил-2,6-дитретті бутилфенол (2,6-лық паракревил,	

бутилденген алкифен БП, апидол-1)	гидроокситолуол,	ионол,	
110. Стафор-10 (полимерлі стабилизаторы)		материалдар	
111. 52-469, (СКН-26 көксағыз негізінде) белгісіндегі резеңке	52-470, 6а-1, бутадиеннитрилды	6а-2, синтетикалық	52-446
112. 52-563 белгісіндегі резеңке			
113. 5С-2 синтетикалық белгісіндегі резеңке	(СКЭП көксағыз	этиленпропиленді негізінде)	
114. П-4, Т-193, 1840, 1843 белгісіндегі резеңке			
115. Т-199, 1743, 6306-VII резеңке			белгісіндегі
116. 52-107, (табиғи көксағыз негізінде) белгісіндегі резеңке	52-111, 52-07а, 25%-ды	КП-339 (ТК СЛД-ЛП ерітіндісінде)	
117. 52-530 (СКП-26М. бутадиеннитрилды негізінде) белгісіндегі резеңке	МЕМСТ синтетикалық	7738-79 көксағыз	
118. ИРП-1338 синтетикалық белгісіндегі резеңке	(СКТВ көксағыз	силоксанды негізінде)	
119. ИГП-1338 және ИР-1344 (СКТВ синтетикалық көксағыз негізінде) белгісіндегі резеңке	және синтетикалық	көксағыз	негізінде) белгісіндегі резеңке
120. Б-22 (ТК табиғи көксағыз және натрий-бутадиенді СКВ синтетикалық көксағыз негізінде) белгісіндегі резеңке			
121. ГТЦ-7 (бутадиенді көксағыз негізінде) резеңке	СКД синтетикалық	белгісіндегі	
122. С-482 (силоксанды көксағыз негізінде) резеңке	СКТВ синтетикалық	белгісіндегі	
123. Табиғи антиоксидант аммонидін су тотығы, су)	латексті Н-Г-22-46,	қоспа ұйытатын	("Ревультекс", казеин
124. ММ-2 белгісіндегі бор			МЕМСТ 21-10-74
125. МТД-1 боры			ТЖ 21 РСФСР 763-79
126. БС-30 белгісіндегі ақ күйе			МЕМСТ 18307-78
127. А белгісіндегі рецепт	талық., 1	сұрыптағы	
128. Кореялық талық			

129.	ГТМ-4011, техникалық көміртегі	ПМО-95Н	белгісіндегі	ТЖ 38-1528-77 ТУ 38-11535-77
130.	ДГ-100, техникалық көміртегі (күйе)	ПМ-75	белгісіндегі	МЕМСТ 7885-77
131.	ПМ 0-101Н	белгісіндегі	техникалық көміртегі	ТЖ 38-11-555-76
132.	Этилциматтың вулкандауын жылдамдатқыш			
133.	Үшінші құрамы ретінде белгісіндегі этилдиенобормен бар пропиленді үштік синтетикалық көксағыз	СКЭПТ-Э	этилен-	ТЖ 38-103252-79
134.	СКЭПТ-Э белгісіндегі этилен-пропиленді синтетикалық көксағыз			
135.	СКЭП белгісіндегі этиленпропиленді синтетикалық көксағыз			ТЖ 38-103252-79
136.	ПС-04 резеңкесі: күкірт-0,3; пероксимон қышқылы - 2,0; үш көміртек майы; 15,0; төмен молекулярлы полиэтилен - 10,0			СКЭП-40, 50-100,0; р-40 - 6,0; бензой П-702 - 50,0; И-8А индустриалды
137.	СКИ-ЗЗАМ 11 синтетикалық көксағызы			
138.	52-446с (СКН-26СМ-100,0 Р-экстра Н аксырлары үшкөміртек К-354-10,0; ДОФ-25; фригит -10,0)	белгісіндегі көксағызы; вулканиті - 0,9; стеарин П-701-40,0;	резеңке күкірт-1,5; мырыш қышқылы-0,2; үшкөміртек	
139.	СКИ-5 изопренді көксағыз			
140.	ПС-23: резеңке сульфенамиді мырыш -30,0; бензой қышқылы-1,0; үшкөміртек К-354-60,0; төмен молекулярлы полиэтилен -10,0	СКН-40М-100.0 Ц-0,1: стеарин-2,0; каолин үшкөміртек П-702-60,0;	белгісіндегі күкірт-2,5; үшкөміртек	
141.	374 күйдірілген қышқылы - 2,0; (ПМ-40Н)-70,0; бор - 80,0; вазелин майы -20,0	белгісіндегі көксағызы; магнезия- 7,0; үшкөміртек ПМ-75	резеңке күкірт -2,5; стеарин ПМ-75	
142.	СКД-Л250 (УПМ, УПС, пластиктердің синтездеуге арналған)	полибутадиенді ұруға төзімді	көксағызы полистиролы, сұрыптарын	ТУ 38.4037-87
143.	5П-815: сульфенамид Ц-1,0;	СКИ-3 техникалық	100,0 резеңке күкірт -	

2,5; бор-20,0; мырыш ақсырлары - 5,0; стеарин қышқылы - 2,0; И-8А индустриалды майы -5,0 үшкөміртек ГД-100 - 10,0	
144. СФ-10-21 резеңке СКН-18М көксағызы - 100,0; пероксимон Г-40, мырыш ақсырлары - 5,0; стеарин қышқылы - 0,2; БС -50 күйесі- 50,0; ацетоамид Р-1,0, диоксинафталат - 10,0; олигоэфиракрилат МГФ-9- 10,0	
145. СФ-10-21 резеңке СКЭПТ-40 көксағызы - 100,0 үшкөміртек П-514 - 90,0; пероксимон Е-40-5,5; мырыш ақсырлары -3,0; И-8А вазелин майы - 19,0; ИЭГ-115-2,5; колаксол - 6,0	
146. Резеңке 374: СКД-ЛБС көксағызы -100,0; күкірт -2,5; магнезия- 7,0; стеарин қышқылы - 1,0; үшкөміртекті ПМ-75Н - 70,0; бор - 10,0; вазелин майы - 20,0	
147. Ашық түсті гейландит толықтырғышы	

**"Балаларға арналған ойындар мен ойыншықтарға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер**

**мен нормаларға 2-қосымша**

**Балаларға арналған ойындар мен ойыншықтарды жасап шығаруға тыйым салынған шикізаттар мен материалдар**

Шикізаттар мен материалдардың атауы	Тыйым салудың себептері
1. 10-09-СФ резеңкесі	Рұқсат етілген көлемінен жоғары дифенилгуанидиннің жанасқан ортаға көшуі
2. 52-782 резеңкесі	Жанасатын модельді ортаның және рұқсат етілген деңгейіне жоғары тиурам, каптакс, цинк ионының болуы түйсіктік көрсеткіштер тұрғысынан қанағаттанарлықсыз
3. 52-782-1 резеңкесі	Жанасатын модельді ортаның және рұқсат етілген деңгейінен жоғары тиурам, каптакс, мырыш иондарының болуы түйсіктік көрсеткіштер тұрғысынан қанағаттанарлықсыз
4. М2Т, МЕМСТ 6-17-72 белгісіндегі мыс түтік	Мыстың тоттануы және ауыр металл тұздарының жанасқан ортаға көшуі
5. Резеңке өндірісіндегі атактикалы полипропилен	Уыттылығы

6. 81-22 белгісіндегі резеңке	Рұқсат етілген деңгейден тиурам және циматтың көп бөлінуі
7. Ыдыс-аяқ, шаруашылық бұйымдарын жасауға арналған мырышталған болат	
8. МЕМСТ 6-14-40-82, "В" қызыл-қоңыр пигменті	Пигменттің канцерогенді қасиеті және оның боялған жерден бөлінуі
9. "2М" қайталанған дакрилі	Металдар иондарының бөлінуі
10. 20908-040, МЕМСТ 16337-77 белгісіндегі төмен қысымдағы полиэтилен	Мырыш және қорғасынның бөлінуі
11. 10803-070, 11503-070 белгісіндегі жоғарғы қысымдағы полиэтилен	Мырыш және қорғасынның бөлінуі
12. ЭЖК және ЭЖР белгілеріндегі электролиттік балқыту арқылы жасалатын ақ қаңылтыр	Модельдік ерітінділердің түрлерінің үлгілермен кездегі өзгерісі және сыртқы жанасқан олардан хром мен күшәннің бөлінуі
13. ХЖК хромдалған қаңылтыр	
14. ФДБ бояуларынан болатын таттанбайтын бояулар (Германияда шығарылған)	Мырыш хроматының уыты жиынтығының болуы
15. ПОС-2 дәнекерлегіші	Қорғасынның көп мөлшерінің модельдік ортаға бөлінуі
16. ЛС59-1 белгісіндегі жез	Қорғасынның модельдік ортаға бөлінуі (сүт қышқылының әлсіз ерітіндісі)
17. "Мостен" 52.512 және 55.222 полипропилені	Түйсіктік көрсеткіштердің өзгеруі
18. ЛЦ-400 белгісіндегі жез	Модельдік ортаға мыс және мырыштың бөлінуі, түйсіктік қасиетінің өзгеруі
19. Фталацианинді жасыл пигмент	Канцерогенді әсері
20. СКП 301, 401, 412 пигменттерінің жоғарғы қанықпасы	Құрамына кіретін пигменттердің канцерогенді әсері
21. Алқызыл, бордо, қызыл, 4ЖВ, қызыл-қоңыр түсті пигменттер	Бекітудің нашар болуы және ортаға бөлінуі
22. Сұр, көгілдір және ақшыл сұр түсті АС-1171 "Г" белгісіндегі акрильді-силиконды эмаль	ДКМ-нен жоғары мөлшерде берілген дифенилпропан және бутамолдың бөлінуі

"Балаларға арналған ойындар мен ойыншықтарға қойылатын

санитарлық-гигиеналық  
талаптар" туралы санитарлық-  
эпидемиологиялық ережелер

мен нормаларға 3-қосымша

**Ауыр металл тұздарының мөлшерлі нормалары**

Материалдардың атауы	1 г материалдан элементтің ең көп саны мг.					бөлінетін		
	сур- ьма	кү- шән	ба- рий	кад- мий	хром	кор- ға- сын	сы- нап	се- лен
Саусақтың көмегімен түр беру үшін істелінетін массалар мен жағылатын бояулардан басқа материалдар	60	25	500	75	60	90	60	500
Саусақтың көмегімен түр беру үшін істелетін массалар мен бояулар	62	15	250	50	25	90	25	500

"Балаларға арналған ойындар мен ойыншықтарға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 4-қосымша

**Ойыншықтардың қауіпсіздігін зертханалық жолмен бақылау тәртібі**

1. Ойыншықтарды зертханалық жолмен бақылау өндірісте және оларды сатуға өткізіп жатқан жерде өткізіліп, оларға түйсіктік және санитарлық-химиялық тексерулер жүргізілуі керек.

2. Түйсік сезімдері арқылы жүргізілетін тексерулер:

1) пластикадан жасалған ойыншықтар температурасы 37 ° С болатын (механикалық өңдеусіз, сабын немесе синтетикалық жуғыш заттарды қолданбай) сумен жуылғаннан соң, оларды дистильденген сумен шайып, бөлме температурасында кептіреді;

2) ойыншықтардың үлгісіне түйсік сезімдері арқылы жүргізілетін тексеру кезінде ойыншықтардың мынандай сипаттары: сыртқы түр пішіні, үстіңгі жағының сипаты (күрғақ, жабысқақ, тегіс), ақауларының және иісінің барлығы анықталады.

Ойыншықтардың иісін (немесе сорылған иісін) анықтау бөлме



температурасында мамандар тобы (3-5 адам) арқылы жүргізіледі. Иістің түрі оларды сипаттау арқылы анықталады (бөтен, жағымсыз иіс; арнайы хош иісті, иісі анықталмаған). Иістің қарқындылығы төменде көрсетілген шкалаға сай балл есебімен беріледі.

### Иістің қарқындылығын анықтау

Иістің қарқындылығы (балл есебімен)	иіс түрінің сипаттамасы
0	иісі жоқ
1	иісі өте әлсіз - сәл ғана сезіледі
2	иісі әлсіз
3	анық иіс, жағымсыз иіс
4	өте қатты жағымсыз иіс

### 3. Санитарлық-химиялық тексерулер:

1) полимерлі материалдардан жасалған ойыншықтар үлгісіне санитариялық-химиялық тексеру жүргізген жағдайда олардың салмағынан және қолдану кезінде органикалық химиялық ұшқыш заттар ауа мен сулы ортада анықталынады.

2) сынамаларды дайындау және полимерлі материалдардан жасалған ойыншықтар үлгісінің құрамындағы ауыр металдарды (сүрме, күшән, барий, кадмий, хром, қорғасын, сынап, селен) анықтау "Ойыншықтар. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары және бақылау әдісі" туралы қолданыстағы стандартқа сай жүргізіледі.

3) ауа ортасы жағдайында ойыншықтардан бөлініп шығатын химиялық ұшқыш заттарды анықтау ауаның алмасуы кезінде - 1сағ/көлемде және камерадағы ауаны сорғанда 1 шаршы метр кубқа (бұдан әрі - м<sup>3</sup>) 100 грамм (бұдан әрі - г) ойыншықтың қатысы арқылы 20 °С және 37 °С температурада жүргізіледі. Тексерілетін ойыншықтардың үлгісін шыны камераға салып, белгіленген тәртіп бойынша бекітілген әдіс арқылы ұшқыш заттардың бөлініп шығуы динамикалық тепе-теңдікте болғанға дейін жоғарыда көрсетілген жағдайда кондиционерлеу керек.

Анықталған заттардың қанықпа мөлшерін атмосфералық ауа үшін рұқсат етілген шегімен салыстыру керек.

4. Ойыншықтардан бөлініп шығатын химиялық заттарды сулы ортада анықтау ойыншықтар ауданының су беті ауданына 1 шаршы сантиметр (бұдан әрі - см<sup>2</sup>): 2см<sup>2</sup> қатысы арқылы және 3 сағат (бұдан әрі - сағат) бойы экспозиция жасап бөлме температурасында жүргізу керек. Анықталған заттардың қанықпа мөлшерін полимерлі және басқа да материалдардан бөлініп шығатын, тағам

өнімдерімен жанасатын химиялық заттардың бөліну қабілеттілігінің рұқсат етілген мөлшерінің (бұдан әрі - РЕМ) санитарлық нормаларымен салыстыру керек.

5. Ойыншықтарды сілекейдің, тердің және ылғалдың әсерінен сақтайтын қорғауыш-көрнекі әшекейлі жабындылардың тұрақтылығын анықтау ойыншықтарды 3 минут ішінде механикалық өңдеусіз, бейтарап сабынмен  $37^{\circ}\text{C}$  температурадағы ыстық сумен жуу арқылы жүргізу керек. мұндай жағдайда ойыншықтардың сыртқы түрі өзгермеуі керек.

6. Ойыншық жабындыларының сілекейге және терге деген тұрақтылығы анықтау жұмсақ ойыншықтардан басқа барлық ойыншықтарға жүргізіледі.

7. Ойыншық жабындыларының сілекейге және терге деген төзімділігін тексеру үшін термостат, эксикатор (19 см, 25 см), сапалы тексеріс жүргізуге арналған, ортаңғы тығыздықтағы сүзгіш қағаз, түссіз, өзі жабысатын, ені 12 мм жабысқақ лента, мынадай реактивтер: сілекейге ұқсайтын N 1 сынау ерітіндісі - ол натрий бикарбонатынан (4,2 гр), натрий хлоридінен (0,5 гр), калий карбонатынан (0,2 гр), дистильденген судан (1000,0 мл) және N 2 сынау ерітіндісінен (терге ұқсайтын) натрий хлоридінен (4,5 гр), калий хлоридінен (0,3 гр), натрий сульфатынан (0,3 гр), аммоний хлоридынан (0,4 гр), сүт қышқылынан (80% - 3,0 гр), несепнәрден (0,2 гр), дистильденген судан (1000,0 мл) болуы қажет.

#### 8. С ы н а қ т ы ж ү р г і з у :

1) сүзетін қағаздан ені 15 мм және ұзындығы 80 мм болатын жолақ кеседі. Содан соң осы жолақтың бір бөлігіне N 1 сыналатын ерітіндіні, ал екінші бөлігіне N 2 сыналатын ерітіндіні сіңіреді;

2) ерітінді сіңірілген сүзетін жолақтарды сыналатын үлгінің не жанына қою керек, не бір-бірінен 10 мм ара қашықтықта болулары керек, не болмаса жолақтың бірінші бөлігін бір сынамаға, келесі бір бөлігі - басқа сынамаға салу керек. Үлгі және ерітінді сіңірілген сүзгіш жолақ бір-бірімен тығыз байланысу үшін үлгідегі жолақтар жабысқақ лентамен қатты бекітілуі керек. Ол үшін жабысқақ лента сүзгіш жолақтың барлық ұзындығына ғана жетпей, сонымен қатар жолақтың екі жағынан да кем дегенде 10 мм ұзындықта асып тұруы керек;

3) Егер де сыналатын үлгілер үлкен болған жағдайда, мұндай тексерулерді берілген үлгілерден кесіп алынған кесінділерге де жүргізуге болады. Ал егер де бұйымдар өте кішкентай (түрлі пішінді шылдырлауықтар, моншақтар) болған жағдайда, оларды сыналатын ерітінді сіңірілген (бөлек бөлек N1 және N2) сүзгіш қағазбен орау керек;

4) дайын болған сынамаларды су үстінде (бөлме температурасындағы) эксикаторға салып, содан соң - 2 сағатқа  $37^{\circ}\text{C} + 2^{\circ}\text{C}$  температурадағы

т е р м о с т а т қ а                                  с а л у                                  к е р е к .

9. 2 сағат өткеннен соң, сыналынған үлгілер эксикатордан алынады да, сүзгіш жолақтар үлгілерден кезегімен айырылып, олардың боялу түстері тексеріледі. Егер сүзгіш жолақтар боялмаса, онда қорытынды мынандай болып жазылады: "бояу сілекейге төзімді" немесе "бояу түсі терге төзімді" немесе "бояу түсі сілекей ж әне                                  т е р г е                                  т ө з і м д і " .

10. Бір ғана теріс көрсеткіш алынған жағдайдың өзінде, тексерілетін үлгіге келісім бермей, оларды сатуға рұқсат бермеу керек.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК